

«Дана» бөбекжай балабақшасы



Менгеруші Қарынбаева

Менгеруші жанындағы көңес хаттамалары

2022-2023 оқу жылы

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Менгеруші жанындағы кенес
хаттамалары №1**

Откен күні: 05.09.2022 жыл
Катысқандар: 11
Катыспағандар: _____

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Топтардың жана оқу жылына дайындығы. Шолу тексеру қорытындысы
2. Педагог қызметкерлерге ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу туралы кенес беру
3. Жалпы ата-аналар жиналышын өткізу туралы
4. «25 қазан Республика күні», «Алтын күз» мерекесіне арналған ертенгілік бағдарламаларын бекіту.
5. Кіріс күжаттарын талқылау

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша менгерушісінің міндегін уақытша атқарушы Ж.Арынбаева педагог қызметкерлерді жана оқу жылының басталуымен құттықтай келе, балабақшаның жалпы топтардың жана оқу жылына дайындығының шолу тексеру қорытындысымен таныстыруды. Тексеру барысында топтар ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізендігі, тазалық нормаларының сақталынуы қанагаттанарлық екендігін айтты. Сондай-ақ шкафттар мен орындықтар, балалардың жеке бастарына арналған майлықтар нөмірленгендердің, ыдыс-аяктар бала басына толық жеткілікті екендігін атап өтті. Тәрбиелу мен оқыту үдерісінде пайдаланатын орталықтар мен құрал-жабдықтардың жағдайы орташа екендігін айттып, бірқатар заттарды жаңартып, толықтыру қажеттігін ескертті. Дамыту орталықтарының жеткілікті жабдықталмауы стандарт талаптарының толық орындалмауы екендігін айта келе, топ тәрбиешілеріне тиісті жұмыстарды аткаруды ұсынды. Балалардың жатын бөлмесі таза, төсек орындары нөмірленген, кіші топтардағы тубектердің де нөмірленіп жалпы жана оқу жылына материалдық жағынан толық дайын екендігін айтты.

ТЫНДАЛДЫ: Менгеруші Ж.Арынбаева педагог қызметкерлерге ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу туралы кенес берді. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын дамыту жан-жақты мына бағыттар бойынша: физикалық дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамыту; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылатыны жайлы айтты. «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекетті аптасына үш рет кестеге сәйкес ішкізіледі. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындардың сонын ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимыл әрекетін таңертен, таңғы астан сон, серуен кезінде, үйқыдан сон өткізу ұсынылатынын айтты. Балалардың сөйлеунн тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұраптар кою арқылы, балаларды қөбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әнгімелесіп, олардың пікірін тындау арқылы дамыту жұмыстары жүргізілетінін айтты. Күн сайын балаларға кітап оқып беру, такпактар жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру туралы ұсыныс берді. Топтардағы кітап бұрышын жандандырып мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыру қажеттігін айтты. Кіші топтарда сенсорика күн сайын еткізіледі. Заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көніл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып салыстыруға баулу көзделетінін айтты. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық

әнгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болатынын айтты. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортанғы топтарда аптасына бір рет, ересек тобында аптасына екі рет өткізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күн бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату және басқа да музикалық әрекеттерге уақыт бөлінетінін айтты. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да өткізілетіні жайлы айтты. Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, ойын әрекеті арқылы іске асырылатыны жайлы айтты.

ТЫНДАЛДЫ: Менгеруші Ж.Арынбаева педагог қызметкерлерге жалпы ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігі жайлы айтты. Жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарды балабакшаның жылдық жоспарымен, күн тәртібімен, жалпы қызметкерлермен таныстыру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Музыка жетекшісі Ш.Нұрманның ақысыз демалыста болуына байланысты уақытша музыка жетекшісі М.Коспанова «25 қазан Республика күні», «Алтын күз» мерекесіне арналған ертенгілік бағдарламаларын қарап бекітуге ұсынды. М.Коспанова ертенгілік бағдарламасымен таныстырды. Тәрбиеші Д.Давранова «Алтын күз» мерекесіне орай ересек топ қыздарының арасында «Алтын күз аруы» сайысының өтетінін айтып, шарттарымен таныстырды. Менгеруші Ж.Арынбаева «25 қазан Республика күні» өтे жоғары дәрежеде аталып өтілуі қажет екенін айтты. Музыка жетекшісі М.Коспанова «25 қазан Республика күніне» балалармен дайындық жүріп жатқанын айтты.

Менгеруші Ж.Арынбаева қазан айында келіп түскен кіріс құжаттарын таныстырып, жауаптыларды бекітті.

ШЕШІМ:

Менгеруші жанындағы кеңестің төрайымы:

Хатшы:



Ж.Арынбаева

З.Халилаева

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Менгеруші жанындағы кенес
хаттамалары №2**

Откен күні: 10.11.2022 жыл

Катыскандар: 10

Катыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кенес шешімдерінің орындалуы
2. «25 қазан Республика күні», «Алтын күз» мерекесіне арналған ертенгіліктердің өтілуін талқылау
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын оқып үйрену
4. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерінің бағдарламасын бекіту
5. Кіріс құжаттарын талқылау.
6. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін талдау

ТЫНДАЛДЫ: Менгеруші Ж.Арынбаева откен кенес шешімдерінің орындалуы жайлы сез сөйледі. Өз сезінде педагог қызметкерлерге ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу бойынша берілген ұсыныстар жұмыс барысында қолданылып жатқандығын айтты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламалары негізінде циклограммалық жоспарлары түзілгендігін айтты.

ТЫНДАЛДЫ: Әдіскер З.Халилаева «25 қазан Республика күні», «Алтын күз» мерекесіне арналған ертенгіліктердің өтілуін талқылауды ұсынды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Тәрбиеші А.Ержанова «25 қазан Республика күні» ертенгілігі тақырыпқа сай өткендігін айтты. Балалар мерекеге сай киініп, өлеңдері мен тақпактарын айтып би биледі. Балалардың дайындығы жақсы болғандығын айтты.

Тәрбиеші А.Тлеуова да ертенгіліктің өз дәрежесінде өткендігін айтты. Алтын күз мерекесіне арналған ертенгілік өте қызықты болғандығын айтты. «Алтын күз аруы» сайсына катысқан үш ару да дайындықтары жақсы, тақырыпқа сай шарттарды орындағы. Қазылар алқасы ата-аналар арасынан сайланып, сайыс қорытындысын шығарды. Сайыс қорытындысы бойынша «Алтын күз аруы» Сван Айсаулеге тиесілі болғандығын айтты. Сапарбек Әсем мен Мұса Раянага номинациялар беріліп марапатталғандығын айтты.

ТЫНДАЛДЫ: Менгеруші Ж.Арынбаева Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын оқып үйрену бойынша сез сөйледі. Өз сезінде педагог қызметкерлерге Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын оқып, тәрбиелеу мен оқыту барысында негізге алып жұмыс жасау қажеттігін айтты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы балабақшаның манызды құжаттарының бірі екендігін айтып, бағдарламаны оқып, онымен үнемі жұмыс жасау қажеттігін айтты.

ТЫНДАЛДЫ: Музыка жетекшісі М.Коспанова «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерінің бағдарламасын қарауға ұсынып, бекітіп беруін сұранды. Бағдарламалар тақырыпқа сай жоспарланған. «Тәуелсіздік күні» ересек және ортанғы топтарда тәрбие сағаты ретінде өткізілетінін айтты. Ал «Жаңа жыл» мерекесіне арналған ертенгілік барлық топтарда өтіледі деп жоспарланып жатқандығын айтты.

Менгеруші Жаңа жыл ертенгіліктерінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды тапсырды. Сондай-ақ бааларға арналған сыйлықтарға ата-аналар тарапынан қаржы жиналмауын өзі қадағалайтынын айтты.

Менгеруші Ж.Арынбаева келіп түсken кіріс құжаттарының тізбесімен таныстырып, атқарылған жұмыстар бойынша қысқаша есеп беріп өтті.

ТЫНДАЛДЫ: Әдіскер З.Халилаева ересек және ортанғы топтарда өтілген ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін талдауды ұсынды. Ересек тобының тәрбиешісі Д.Давранова «Күз кереметі» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінің өтілуі жайлы тәрбиешілердің пікірін сұрады.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Тәрбиеші Г.Сабыркулова Ересек тобының тәрбиешісі Д.Давранова «Күз кереметі» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінің өтілуі жайлы өз пікірін білдірді. Ұйымдастырылған іс-әрекет өз мақсат міндегіне сай ұйымдастырылғандығын, көрнекіліктер талапқа сай болғанын айтты.

Тәрбиеші С.Нагжанова Ересек тобының тәрбиешісі Д.Давранова «Күз керемет» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін ойын түрінде ұйымдастырылғандығы өтे тиімді болғандығын, балалар тапсырмаларды өте қызыға белсенді орындал, тәрбиешінің өз мақсатына жетті деп ойлайтынын айтты.

Әдіскер З.Халилаева Ортаңғы топта тәрбиеші С.Нагжанованың ұйымдастырылған ашық іс-әрекетіне өз пікірін білдірді. Тәрбиеші С.Нагжанованың ұйымдастырылған ашық іс-әрекетін дұрыс жоспарлаганын, іс-әрекетті балаларға ойын түрінде ұйымдастырып, тусінікті әрі тиімді тәсілді қолданды. Күз мезгілінің ерекшеліктерін балалар толық айта алды. Тапсырмалар орындауда балалардың көмек қажет ететіні байқалды. Педагогтың жетекшілігін талап ететін балалармен жеке жұмыс жүргізу ұсынысы берілді.


КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
2. «25 қазан Республика күні», «Алтын күз» мерекесіне арналған ертенгіліктердің өтілуі қанағаттанарлық.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын оқып үрлену жұмыстары жалғассын.
4. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерінің бағдарламасы бекітілсін.
5. Kіріс құжаттар бойынша тиісті жұмыстар атқарылсын.
6. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін талдау қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстар орындалсын.

ШЕШІМІ:

Менгеруші жаңындағы кеңестің төрайымы:

Хатшы:



Ж.Арынбаева

3.Халилаева

«Дана» бөбекжай балабақшасы
Менгеруші жаңындағы кенес
хаттамалары №3

Откен күні: 11.01.2023 жыл
Катысқандар: 10
Катыспағандар: _____

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кенес шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін талқылау
3. Ата-аналармен жұмыс жоспарларының болуы мен жүргізулу барысын тақырыпты тексеру корытындысы
4. Кіріс күжаттарын талқылау
5. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерді талдау

1. **ТЫҢДАЛДЫ:** Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева откен кенес шешімдерінің орындалуы жайлы сөз сөйлемді. Мектепке дейнігі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын оқып үйрену жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқандығын айтты.
2. **ТЫҢДАЛДЫ:** Әдіскер З.Халилаева «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін мерекесіне арналған ертенгіліктердің өтілуін талқылауды ұсынды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Тәрбиеші А.Ержанова ересек «Күншуак» тобында откізілген «Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай «Тәуелсіздік ұланы» атты ертенгілігін тақырыпқа сай откендігін айтты. Балалар мерекеге сай киініп, өлеңдері мен тақпактарын айттып би биледі. Балалардың дайындығы жақсы болғандығын айтты.

Тәрбиеші А.Тлеуова да өз пікірін білдіріп отті. Ертенгілік балалардың «Энүранды» орындауымен басталғанын айттып, рәміздер туралы тақпактарын балалар жатқа айтқандығын айтты. Қыздар ұлттық биге мын бұрала билеп, өз өнерлерін көрсетті.

Әдіскер З.Халилаева тәрбиеленушілердің «Ел корғауға әзірміз» әнін хормен орындағаны өте жақсы шыққандығын айтты.

Әдіскер З.Халилаева Жаңа жыл мерекесін балалар ерекше күтетіндігін айтты, мерекенің өте қызықты откендігін айтты. Ересек және ортанғы топтарда Жаңа жылдық койылым ертегі кейіпкерлерінің катысуымен отті. Кіші топтарда да Жаңа жыл ертенгілігі өз дәрежесінде отті. Балалар ерекше қуанып мәз болғанын айтты. Жаңа жылдық бағдарламада тақырыпқа сәйкес тақпактар мен әндер айттылды, билер билеп балалар катты қуанды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева топ тәрбиешілерінің тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жүргіліп жатқан жұмыс жоспарларының тексеру корытындысын айтты. Тексеру нәтижесінде ересек және ортанғы, II кіші топтарда ата-аналармен жұмыс жоспарлары бар екендігі анықталды. Оку жылына қарай әр айда ата-аналармен сауалнамалар жүргізіліп, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық жөнінде пікір алмасулар откізіліп отырғандығы анықталған. Ал I кіші топта ата-аналармен жұмыс жоспары толық жүргізілмегендігі анықталды. Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева топ тәрбиешісіне жұмыс жоспарының жүргізулуі жөнінде кенестер беріп, толық орындалуына белгілі бір уақыт берді.

4. Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева келіп түскен кіріс күжаттарының тізбесімен таныстырып, атқарылатын жұмыстар бойынша қысқаша есеп беріп отті.

5. ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер З.Халилаева II кіші топ тәрбиешісі Г.Сабыркулованың «Түрлі түсті алем» атты ұйымдастырылған іс-әрекетін талдауға шақырды.

Тәрбиеші А.Асилбекова тәрбиешінің дайындығы, балалардың дұрыс отыруы, баланы сабакқа дарыс ұйымдастыруы ұнғандығын айтты.

Тәрбиеші К.Ахтаева тәрбиеші уақытты тиімді пайдаланып, тақырыпты аша білгендігі жөнінде айтты. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында тиімді әдістерді пайдалана отырып, балалардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіне ықпал етті.

Тәрбиеші Д.Давранова үйымдастырылған іс-әрекетте тәрбиешінің балаларға берген сұрақтарының мәнділігі, іс-әрекетке баланы тарта білу қабілеті жақсы екендігін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Тәуелсіздік күні», «Жана жыл» мерекелерін өтілуі қанағаттанарлық.
3. Ата-аналармен жұмыс жоспарларының болуы мен жүргізу барысын тақырыпты тексеру корытындысы бойынша I кіші топқа берілген мерзімде жұмыс жоспары толықтырылсын.
4. Кіріс құжаттары бойынша жұмыстар басшылыққа алынсын.
5. Үйымдастырылған ашық іс-әрекеттерді талдау қортындысы қанағаттанарлық.

Менгеруші жаңындағы кеңестің тәрайымы:

Хатшы:

Ж.Арынбаева

3.Халилаева

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Менгеруші жанындағы кеңес
хаттамалары №4**

Откен күні: 03.03.2023 жыл

Катыскандар: 11

Катыспагандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы.
 2. «8-наурыз», «22-Наурыз» мерекелерінің ертенгіліктерінің бағдарламасын бекіту.
 3. Балалардың медициналық байқау нәтижелері. Такырыпты тексеру қорытындысы
 4. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерді талдау
 5. Кіріс күжаттарын талқылау
1. **ТЫНДАЛДЫ:** Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жайлы сөз сөйлемді. Ата-аналармен жұмыс жоспарларының болуы мен жүргізулу барысын такырыпты тексеру қорытындысы бойынша I кіші топқа берілген мерзімде жұмыс жоспары толықтырылғандығын айтты. Сондай-ақ жоспар бойынша жұмыс нәтижелері жайлы да сөз қозғап етті.
 2. **ТЫНДАЛДЫ:** Музыка жетекшісінің міндетін уакытша атқарушы М.Коспанова «8 наурыз Аналар мерекесіне», «22 наурыз Наурыз мерекесіне» арналған ертенгілік бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада такырыпқа сәйкес такпактар, әндер мен билер жоспарланғандығын айтты. 22 наурыз мерекесіне орай ертенгілік барысында тәрбиешілердің салт-дәстүрге байланысты көрініс дайындал жатқандығын да айтты. Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева бағдарлама ұзак болмауын, накты әрі қызықты болуына көніл бөлу қажеттігін айтты.
 3. Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева балабақша мейірбикесі С.Коспановамен бірге балалардың медициналық байқау нәтижелеріне такырыпты тексеру жүргізендігін айтты. Тексеру нәтижесінде мейірбике жұмыс жоспарына сәйкес өз мерзімдерінде медициналық байқау жүргізіліп отырған. Ол жерде балалардың бойы, салмагы өлшеніп өсу үдерістері қадағаланып отырғандығы айтылды.
 4. **СӨЙЛЕГЕНДЕР:** Әдіскер З.Халилаева ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерді талдауды ұсынды. Кіші «Балапан» топ тәрбиешісі К.Ахтаеваның «Көңілді қыс» такырыбындағы ұйымдастырылған ашық іс-әрекетіне тәрбиеші А.Асилбекова өз пікірін білдірді. Топтағы ауа жылдығы мен тазалығы ең бірінші назарға алынатынын айтып, жарықтың тұсу ретінде де тәрбиеші мән бергенін айтты. Ұйымдастырылған іс-ірекетке баланы дайындауы, материалдарды қолдануы өте тиімді болғанын айтты.

Тәрбиеші Д.Давранова тәрбиеші баланы ұйымдастырылған іс-әрекетке дұрыс тарта білді, тиімді әдістерді қолдана білді, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қызығушылықтарын арттыра білді,- деп өз пікірін білдірді.

Әдіскер З.Халилаева балалар білімінің сапасы жас ерекшеліктеріне сәйкестігі байқалды, балалардың тақырыпты игеру денгейлері жақсы екендігін айтты. Ұсыныс ретінде балаларды іс-әрекет барысында сұрап-жауаптарға толық беруді үйрету, балалардың сөздік корын арттырып, тіл байлығын дамыту жолдарын мақсатқа қоюды ұсынды.

Келесі кезекте тәрбиеші М.Коспанованың ортанғы топтағы «Қыс кереметі» ұйымдастырылған ашық іс-әрекетіне тәрбиеші А.Ержанова өз пікірін білдірді. Топтағы балалардың білімінің сапасы, бағдарламалық материалдарды менгеру денгейлері жақсы екендігін айтты. Балалардың бір-бірімен қатынасы тығыз екендігі байқалғандығын айтты. Таратпа материалдарды қолдана білу қабілеттері жақсы екендігін айтты.

Тәрбиеші Г.Сабыркулова тәрбиеші М.Коспанованың ұйымдастырылған іс-әрекетіне талдау жүргізді. Тәрбиешінің тілі, сөздік коры, қолданған әдістері, балалар жұмысын бағалау, талдау әрекеттері өте тиімді болғанын айттып, ұйымдастырылған ашық іс-әрекет ұнағанын айтты.

5. **ТЫНДАЛДЫ:** Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева келіп түскен кіріс құжаттарының тізбесімен таныстырып, атқарылатын жұмыстар бойынша қысқаша есеп беріп өтті.

ШЕШІМІ:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «8-наурыз», «22-Наурыз» мерекелерінің ертенгіліктерінің бағдарламасы бекітілсін.
3. Балалардың медициналық байқау нәтижелерін тақырыпты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық.
4. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерді талдау барысында айтылған ұсыныстар жұмыс барысында басшылыққа алынын.
5. Кіріс құжаттары бойынша жұмыстар басшылыққа алынын.

Менгеруші жаңындағы кеңестің төрайымы:

Хатшы:

Ж.Арынбаева

3.Халилаева

«Дана» бөбекжай балабақшасы
Менгеруші жанындағы кенес
хаттамалары №5

Откен күні: 26.04.2023 жыл

Катыскандар: 11

Катыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кенес шешімдерінің орындалуы.
2. «8-наурыз», «22-Наурыз» мерекелерінің ертенгілік қортындысын талқылау.
3. «1 мамыр, 9 мамыр» мерекелерінің ертенгілік бағдарламасын бекіту.
4. Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің орындалуы. Шолу тексеру қортындысы.
5. Кіріс құжаттарын талқылау

1. **ТЫНДАЛДЫ:** Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева откен кенес шешімдерінің орындалуы жайлы сөз сөйлемді. Откен кенесте ұйымдастырылған ашық іс-эрекеттерін талдау кезінде айтылған ұсыныстар мен кенестер тәрбиешілердің жұмыс жоспарларында басшылыққа алынып жатқандығын байқағанын айтты.
2. **ТЫНДАЛДЫ:** Әдіскер З.Халилаева «8 наурыз Аналар мерекесіне», «22 наурыз Наурыз мерекесіне» арналған ертенгілік қортындысын талқылауды ұсынды. Тәрбиеші С.Науқанова ертенгілік барысында бағдарламада тақырыпқа сәйкес тақпақтар, әндер мен билер жоспарланғандығын айтты. 8-наурыз мерекесіне арнап балалар аналарына өз өнерлерін көрсетті. Аналар балаларының музикалық концерттеріне ризашылықтарын білдірді.
22 наурыз мерекесіне орай ертенгілік барысында балалар мерекеге сай тақпақтар, әндер орынданап, ұлттық билер биледі. Қазақ халықының ұмыт қалып жаткан «Бастаңғы» салт-дәстүріне байланысты көрініс дайындалды. Көрініс ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған. Ата-аналар тарапынан ұжымға алғыстар айтылды. Наурыз ертенгілігі Наурыз көнеге ұласты. Ата-аналар өздері дайындалап алып келген наурыз көжелерін балаларға, ұжымға ұсынды.
3. **ТЫНДАЛДЫ:** Музыка жетекшісінің міндеттін уакытша атқарушы М.Коспанова 1 мамыр және 9 мамыр мерекелеріне арналған ертенгілік бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада тақырыпқа сәйкес тақпақтар, әндер мен билер жоспарланғандығын айтты. Мерекеге барлық топтарда қызу дайындалып жатқандығын айтты. Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева бағдарлама ұзақ болмауын, накты әрі қызықты болуына көніл бөлу қажеттігін айтты. Сондай-ақ әр топтың жас ерекшеліктеріне сәйкес регламент сактау қажеттіліктерін ескеrtті.
4. **ТЫНДАЛДЫ:** Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева ішкі еңбек тәртібі ережелерінің орындалуы шолу тексеру қортындысын таныстыруды. Ішкі еңбек тәртібінің ережесін қатаң сактау әрбір қызметкердің міндетті екендігін айтты. Қызметкерлердің міндеттерін тізіп таныстыра келе, балабақша ішлік тәртіп ережелерінің сакталу жағдайына тоқталды. Тексеру барысында қызметкерлер арасында тәртіп ережелерін бұзған деректер болмағанын айтты. Педагог қызметкерлер бекітілген жұмыс жоспарлары бойынша өз міндеттерін орынданап жатқандығын айтты. Кіші қызметкерлер де өз міндеттерін дұрыс орынданап жүргендіктерін айтты.

10

ШЕШІМІ:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «8-наурыз», «22-Наурыз» мерекелерінің ертengілктерінің өтілуі қанағаттанарлық.
3. «1 мамыр, 9 мамыр» мерекелерінің ертengілік бағдарламасы бекітілсін.
4. Ішкі енбек тәртібі ережелерінің орындалуын тексеру қортындысы қанағаттанарлық.
5. Кіріс құжаттары бойынша жұмыстар басшылыққа алынын.

Менгеруші жаңындағы кеңестің төрайымы:

Хатшы:



Ж.Арынбаева

З.Халилаева

Жіп откынды

...
10
Балабанов

Менгіліштің
Каримбаса

